

"KEGOC" акционерлік қоғамының жарияланған жай акцияларын орналастыру бағасы, саны, құрылымы туралы "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің шешімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 1156 қаулысы

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған «KEGOC» акционерлік қоғамының жарияланған жай акцияларын орналастыру бағасы, саны, құрылымы туралы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің 2014 жылғы 16 қазандағы шешімі (отырыстың № 114 хаттамасы) бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	К. Мәсімов
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 1156 қаулысымен бекітілген

«KEGOC» акционерлік қоғамының жарияланған жай акцияларын орналастыру бағасы, саны, құрылымы туралы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің 2014 жылғы 16 қазандағы шешімі

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 3-тармағының 19) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1027 қаулысымен бекітілген «Самұрық- Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры » акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасына сәйкес «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының директорлар кеңесі **ШЕШТІ:**

м ы н а л а р :

1) «KEGOC» акционерлік қоғамының бір жай акциясын орналастыру бағасы - 505 (б е с ж ү з б е с) т е ण г е ;

2) бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдастырылған нарығына жазылуды жүргізу жолымен орналастырылатын «KEGOC» акционерлік қоғамы жай

акцияларының саны - 25999999 (жиырма бес миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) дана болып;

3) көрсетілген шешімге қосымшаға сәйкес «KEGOC» акционерлік қоғамының жай акцияларын орналастыру құрылымы айқындалсын.

	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің 2014 жылғы 16 қазандағы шешіміне қосымша (отырыстың № 114 хаттамасы)
--	---

«KEGOC» акционерлік қоғамының жарияланған жай акцияларын орналастыру құрылымы

1. «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «KEGOC» Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) жай акцияларын бастапқы орналастыру кезінде оларды инвесторлардың әртүрлі топтары арасында орналастырудың осы құрылымы (бұдан әрі - құрылым) Қоғамның жай акцияларын әлеуетті инвесторлар арасында қазақстандық ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бөлу тәртібін айқындайды.

Осы құрылымда қолданылатын анықтамалар:

1) акциялар - Қоғамның жай акциялары;

2) Қоғам акциялары бойынша маркет-мейкер - қор биржасының мүшесі ретінде мойындалған және қор биржасының ішкі құжаттары мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне Қоғам алдында акциялар бойынша баға белгілеуді жариялау және қолдау міндеттемесін алған және Қоғаммен жасалған шартқа сәйкес барлық міндеттерді орындайтын биржа мүшесі.

3) бөлшек инвесторлар - Қазақстан Республикасының азаматтары;

4) институционалдық инвестор - акцияларды зейнетақы активтері есебінен сатып алатын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы.

2. Инвестициялау сомасы бойынша шектеулер:

1) маркет-мейкер үшін - кемінде 200000 (екі жүз мың) дана акция, бірақ 400000 (төрт жүз мың) дана акциядан көп емес;

2) бөлшек инвесторлар үшін - өтінімдер шектеусіз қабылданады. Бөлшек инвесторлардың өтінімдерін қанағаттандыру құрылымның 3-тармағын ескере отырып жүргізіледі;

3) институционалдық инвесторлар үшін - құрылымның 3-тармағын ескере отырып шектеусіз.

3. Бастапқы орналастыру кезінде акцияларды әртүрлі инвесторлар топтары

арасында бөлу кезінде жазылу кезеңінің шегінде өтінімді беру мерзімі ескерілмейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ